

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2023. № 26 (3)

---

## Редакция

### Бас редактор

*Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы* – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)  
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164  
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### Редакциялық алқа

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Әжіғали Серік Ескендірұлы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Әлімбай Нұрсан*, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Вильмено Анне-Мари*, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

*Крупа Татьяна Николаевна*, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

*Көмеков Болат Ешимхамедұлы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы*, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Мионг Сун-ок*, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Моррисон Александр*, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Муминов Әшірбек Құрбанұлы*, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы*, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Оно Рюосуке*, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

*Оутрам Алан*, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Өмер Құл*, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

*Петер Финке*, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

*Садвокасова Закиш Төлеханқызы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы*, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Уяма Томохико*, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

### Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

### Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

### Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

## Редакция

### Главный редактор

*Кабульдинов Зиябек Ермуханович* – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

### Члены редакционной коллегии

*Абиль Еркин Аманжолович*, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Ажигали Серик Ескендерович*, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Абусеитова Меруерт Хуатовна*, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Вильмено Анне-Мари*, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

*Исмагулов Оразак Исмагулович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

*Крупа Татьяна Николаевна*, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

*Кумеков Болат Ешмухамбетович*, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Кушкумбаев Айболат Кайрслямович*, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Мионг Сун-ок*, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Моррисон Александр*, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Муктар Абильсеит Капизович*, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Муминов Аширбек Курбанович*, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Нурсан Алимбай*, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Омер Кул*, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

*Оно Рюосуке*, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

*Оутрам Алан*, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Садвокасова Закиш Тулехановна*, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Уяма Томохико*, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Финке Петер*, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

### Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

### Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

### Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

### Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

## Editorial Team

### *Editor-in-Chief*

*Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich* – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru  
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

### *Editorial board members*

*Abil Erkin Amanzholovich*, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

*Abusseitova Meruert Khuatovna*, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

*Alimbay Nursan*, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

*Azhigali Serik Yeskendirovich*, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

*Ismagulov Orazak Ismagulovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich*, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

*Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich*, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

*Morrison Alexander*, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

*Muktar Abilseit Kapizovich*, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

*Myong, Soon-ok*, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

*Muminov Ashirbek Kurbanovich*, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

*Omer Cul*, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

*Ono Ryosuke*, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

*Outram Alan*, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

*Peter Finke*, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

*Sadvokassova Zakish Tleukhanovna*, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

*Uyama Tomohiko*, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

*Vuilleminot Anne-Marie*, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

### **Executive Editor**

Mukanova Gyulnar

### **Scientific Editors**

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

### **Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh

### **Technical secretary**

Zikirbayeva V.S.



**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –  
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

Published in the Kazakhstan  
Otan tarihy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
Vol. 26. Is. 3, pp. 662-675, 2023  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.61.91  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_26\\_3\\_662-675](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_26_3_662-675)

**ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ,  
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ**

*Берік Мұратұлы Аташ<sup>1</sup>, Жасұлан Мәзуләулы Белтенев<sup>2</sup>*


<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040, Алматы, Қазақстан)

Философия ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0000-0003-1893-3506>. E-mail: atash\_berik@mail.ru

<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі (44-үй, Самал-1, 050059, Алматы, Қазақстан)

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Музейлік деректану және қолжазба бөлмінің жетекшісі

 <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Аташ Б.М., Белтенев Ж.М., 2023

**Андатпа.** *Kіріспе.* Мақалада қазақ халқындағы магия және оның түрлері мен құрылымы жүйелілік қағидасы мен құрылымдық-функционалдық тәсіл бойынша зерделенді. Магия құбылысы халықтық дүниетанымға байланысты кең мағынада және рационалды пайымдаулар тұрғысынан қарастырылды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазіргі таңдағы және бұрынғы сенімдер бойынша магияларға деген қоғамдық санадағы көзқарастар мәселені сараптау барысында назарға алынды. Оның құрылымдық негіздерін саралау барысында, магияны жалпы концептуалды түсінік ретінде негізге ала отырып, басты-басты туыстас және изоморфты болып келетін ұғымдарға семантикалық-логикалық талдаулар жасалды. Атап айтқанда, жадылау, сиқыр, тәуіп, жадыбас және т.б. маңызды түйінді түсініктер негізге алынды. *Материалдар мен методтар.* Авторлар магиялық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, магия туралы айтылған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, магиялардың құрылымын, шығу тегі мен исламдық және шамандық негіздерін, әсер ету құралдарын, субъектілерін жіктеп көрсетті. Сонымен қатар, магиялардың қазіргі келбеті мен ондағы жағымсыз және жағымды, жалғаны мен реалды қырлары, мифологиясы мен идеалдарын ажыратуға өз көзқарастары бойынша ұмтылыстар жасады, қоғамдық ықпалдарды саралап, болашақтағы зерттеу перспективасының эмпирикалық бағдарларын ұсынды. *Нәтижелер.* Мақалада қазақы дүниетаным аясындағы магия концепт ретінде қарастырылып, оған қатысты ұғымдар мен түсініктер, олардың логикалық-семантикалық қырлары және өзара сабақтастықтары саралап көрсетілді. Магияның дәстүрлі өмір сүру шарттары мен тәсілдеріне, социумдық түсініктегі көріністеріне және қазіргі қоғамдық санадағы трансформациясына назар аударылды. *Қорытындылар.* Магияның құрылымдық жүйесі, оның ішінде үдеріс түріндегі көріністері, субъектілері мен объектілері нақтыланды. Қазақ халқы тарихындағы және қазіргі кездегі магияларды құрылымдық жағынан жүйелеп жіктеп көрсетуге, яғни ислам дініне дейінгі және одан кейінгі сенім түрлеріне қарай хронологиялық сипатын ашуға талпыныс жасалды. Жалпы магияның мазмұндық қырлары (халықтық медицина, сакральділік, сөздің экспресивті-эмоционалды күйі) адамзат өмірінде алатын жағымды-жағымсыз жақтары (зұлымдыққа



бағытталған, ізгілікті қалайтын, бейтарап), кәсібиленген және кәсіби емес, яғни жалпыхалықтық сипаттары бойынша талданды.

**Түйін сөздер:** ислам, магия, жадылау, дуалау, тәуіп, баксы, салт-дәстүр, тіл-көз тию, қарғау, рух, сопылық, эзотерика, мистика, қазақ дүниетанымы.


**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлы дала тағдырындағы Алтын Орда және Шағатай мемлекеті нумизматикалық деректер бойынша (XIII-XIV ғғ.)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу нөмірі AP 09261233).

**Дәйексөз үшін:** Аташ Б.М., Белтенев Ж.М. Қазақ дүниетанымындағы магия: концептуалды ұғымдары, құрылымдық негіздері, қазіргі келбеті // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 662-675 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_3\_662-675


## MAGIC IN THE KAZAKH WORLDVIEW: CONCEPTUAL CONCEPTS, STRUCTURAL FOUNDATIONS, MODERN IMAGE

*Berik Muratovich Atash<sup>1</sup>, Zhassulan Mazulayevich Beltenov<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University (71, al-Farabi Ave, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Philosophical Science

 <https://orcid.org/0000-0003-1893-3506>. E-mail: atash\_berik@mail.ru

<sup>2</sup>Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (44, Samal-1, Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan)  
Master of Humanities, Head of the Department of Museum Source Studies and Manuscripts

 <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru

**Annotation. Introduction.** The article, based on the principle of systematics and a structural-functional approach, studies types and structure the magic of the Kazakh people. The phenomenon of magic is considered in a broad sense and from the point of view of rational thinking. *Goals and objectives of the research.* At the analyzing the problem has been taken to attention the attitude to magic in the public consciousness in past beliefs and modern ideas. Considering magic as a general conceptual concept, during the analysis of its structural foundations, a semantic and logical differentiation of concepts, mainly related and isomorphic, was revealed. In particular, such important key concepts as hypnosis, magic, healing, etc. were taken as the base. *Methods and materials.* The authors, guided by magical experiences, based on the works of foreign and domestic scientists on magic, classified its structure, origin, Islamic and shamanic foundations, means of influence, objects and subjects. At the same time, efforts have been made to distinguish between the modern face of magic and its negative and positive, false and real sides, mythology and ideals, highlight social influences and offer empirical guidelines for future research prospects. *Results.* The article examines magic as a concept, existing within the Kazakh worldview, analyzes the concepts associated with it, and shows in detail their logical-semantic aspects and relationships. Attention is paid to the traditional conditions of the existence of magic and its methods, its manifestations in social understanding and transformation in modern public consciousness. *Conclusions.* The structural system of magic has been clarified, including its procedural manifestations, subjects and objects. An attempt has been made to systematize modern magic and magic in the history of the Kazakh people, that is, to show its chronological nature by types of beliefs, before and after the establishment of Islam. In general, the substantive aspects of magic were analyzed on the basis of universal characteristics, professional and non-professional, from the point of view of the positive (traditional medicine, sacredness, expressive and emotional state of speech) and negative aspects of human life (evil-oriented, friendly, neutral).

**Keywords:** islam, magic, conjoice, prayer, healer, bahs, tradition, evil eye, curse, spirit, sufism, esoteric, mysticism, kazakh worldview.

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «The Golden Horde and the Chaghataids state in the fate of the Great steppe according to numismatics (13<sup>th</sup>-14<sup>th</sup> centuries)» (Registration number AP 09261233).




**For citation:** Atash B.M., Beltenov Zh.M. Magic in the kazakh worldview: conceptual concepts, structural foundations, modern image // *Otan tarikhy*. 2023. Vol. 26. No. 3. Pp. 662-675. (Kaz.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_3\_662-675

## МАГИЯ В КАЗАХСКОМ МИРОВОЗРЕНИИ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ, СТРУКТУРНЫЕ ОСНОВЫ, СОВРЕМЕННЫЙ ОБРАЗ

*Берик Муратович Аташ*<sup>1</sup>, *Жасулан Мазулаевич Белтенев*<sup>2</sup>


<sup>1</sup>Казахский Национальный университет им. аль-Фараби (д. 71, пр. аль-Фараби, 050040, Алматы, Казахстан)

Доктор философских наук

 <https://orcid.org/0000-0003-1893-3506>. E-mail: atash\_berik@mail.ru

<sup>2</sup>Центральный государственный музей Республики Казахстан (д. 44, Самал-1, 050059, Алматы, Казахстан)

Магистр гуманитарных наук, руководитель отдела музейного источниковедения и рукописей

 <https://orcid.org/0000-0002-3640-8265>. E-mail: zhassbell@mail.ru

**Аннотация.** *Введение.* В статье на основе принципа системности и структурно-функционального подхода изучается магия казахского народа, ее виды и структура. Феномен магии рассматривается в широком смысле и с точки зрения рационального мышления. *Цель и задачи исследования.* При анализе проблемы учитывалось отношение к магии в общественном сознании в прошлых верованиях и современных представлениях. Рассматривая магию как общее концептуальное понятие, в ходе анализа ее структурных оснований была выявлена семантико-логическая дифференция понятий, в основном родственных и изоморфных. В частности, за основу были взяты такие важные ключевые понятия как гипноз, магия, знахарь и др. *Методы и материалы.* Авторы, руководствуясь магическими опытами, на основе работ зарубежных и отечественных ученых по магии классифицировали ее структуру, происхождение, исламские и шаманские основы, средства воздействия, объекты и субъекты. В то же время были приложены усилия, чтобы различить современный облик магии и ее негативные и позитивные, фальшивые и реальные стороны, мифологию и идеалы, выделить социальные влияния и предложить эмпирические ориентиры для будущих перспектив исследований. *Результаты.* В статье рассматривается в качестве концепта магия, существующая в рамках казахского мировоззрения, проанализированы связанные с ней понятия, подробно показаны их логико-семантические аспекты и взаимосвязи. Уделено внимание традиционным условиям существования магии и ее методам, ее проявлениям в социальном понимании и трансформации в современном общественном сознании. *Выводы.* Уточнена структурная система магии, включая ее процессуальные проявления, субъекты и объекты. Предпринята попытка систематизировать современную магию и магию в истории казахского народа, то есть показать ее хронологический характер по типам верований, до и после утверждения Ислама. В целом содержательные стороны магии анализировались на основе универсальных характеристик, профессиональной и непрофессиональной, с точки зрения положительных (народная медицина, сакральность, экспрессивно-эмоциональное состояние речи) и отрицательных сторон человеческой жизни (злоориентированной, доброжелательной, нейтральной).

**Ключевые слова:** ислам, магия, колдовать, молитва, знахарь, бахсы, традиция, сглаз, проклинать, дух, суфизм, эзотерика, мистика, казахское мировоззрение.

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Золотая Орда и государство Чагатаидов в судьбе Великой степи по данным нумизматики (XIII-XIV вв.)» (регистрационный номер AP 09261233).

**Для цитирования:** Аташ Б.М., Белтенев Ж.М. Магия в казахском мировоззрении: концептуальные представления, структурные основы, современный образ // *Отан тарихы*. 2023. Т. 26. 3. С. 662-675. (Каз.) DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_26\_3\_662-675



**Кіріспе.** Адамзат тарихындағы тым көне дүниетаным мен нанымдардың жиынтығын алғашқы діни сенім деп атау келісілген. Оның бірнеше формалары бар: магия, анимизм, фетишизм, политеизм, тотемизм т.б. Біз қарастырып отырған ұлттық дүниетанымдағы магия әлемдік магиялық таным мен үрдістерден тыс бола алмайды, әрине, оның да өзіндік ұлттық, діни, аймақтық ерекшеліктері бар. Бірақ оның генезисіне үңілер болсақ, магияның, жалпы алғанда, алғашқы діни сенімдердің қашан пайда болғаны белгісіз, оны айқындау да қиындықтар келтіреді, шамамен 40-100 мың жыл бұрын қалыптасқан деп болжамданады. Бір айта кетерлік ерекше жағдай, оның сан мыңдаған жылдар бойы сақтала отырып, бүгінгі күні де қоғамдық сана мен қоғамдық өмірде көрініс тауып отырғандығы.

Соған сай оның сақталуы мен қоғамдық санадағы сену-сенбеушілік дәрежесін біз шартты түрде, феноменологиялық тұрғыдан алғанда, үш бағдарға ажырата аламыз: сенімдік деңгей, рационалды деңгей, скептикалық деңгей, сциентистендіру үдерісі. Бұл біздің қарастырып отырған мәселелерімізді зерделеудің алғышарты болмақ.

Сенімдік деңгей, яғни, көне дәуірдегі адамдардың магияларға деген сенімділік дәрежесін қайталайды немесе оған жуықтайды, айна-қатесіз сенеді және «магиялық әлемде өмір сүргендей» болады. Олардың түсінігі бойынша, тіпті әлемдік құбылыстар мен үдерістерді, әлеуметтік процестерді т.б. бәрін сол магия басқарады немесе айтарлықтай ықпалды күш болып табылғандықтан, біздің өмір салтымыз бен ғұмыр кешу дәстүрлеріміздің көп бөлігі оған байланысты, тәуелді, детерминантты болып келеді.

Рационалды деңгей деп атап отырған бағалау магияны жоққа шығарып немесе дәйектемейді, оны қоғамдық санадағы үдеріс ретінде бағалайды. Немесе, оған бейтарап қатынас орнатады, бірақ әлем мен өмір сүрудің шартының бірден-бір шындығы ретінде бағамдамайды. Ғылыми тұрғыдан дәйектелмегендіктен, абсолютті ақиқат деп танымайды, ғылыми емес білмдер ретінде ғана мүмкін болатын құбылыстар мен үдерістердің, сенімдердің жиньтығы деп бағалайды.

Скептиктер, оның шынайы екендігіне күмәнмен қарайды, магияны көне танымның, ескіліктің сарқыншағы, көне дәуірлердегі адамдардың ғылыми таным өрісінің тарлығына байланысты дәрменсіздік танытуынан, ол мүлде қоғамдық өмір мен әлеуметтік тұрмыс салтына ықпал ете алмайды, тек адамдардың наным-сенімдерінің жиынтығы, тіпті радикалды, либералды көзқарастар тұрғысынан алғанда да, оны «надандық», «білімсіздік», «өркениеттен қалыс қалушылық» ретінде түсіндіреді.

Соңғы уақыттарда біз ғылыми емес білімдерді немесе «нарративтерді сциентистендіру» деп атауға болатындай құбылыс ғалымдар арасында да, қоғамдық көпшілік түсінік арасында да Қазақстанда да бой көтеріп келеді. Яғни, негізгі идея мынаған келіп саяды: «Магияның да ғылыми негіздері бар, ол шындық, оның көріністерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге болады және болашақта да дәйектеледі».

Біз ұлттық таным аясындағы магияның тарихи дәстүрлеріне, өмір сүру тәсілдеріне, ұжымдық санадағы көріністеріне және қазіргі қоғамдық санадағы трансформациясына сүйене отырып, алдымен, оны концепт ретінде қарастырып, оған қатысты ұғымдар мен түсініктерді, олардың логикалық-семантикалық қырларын және арабайланысын саралап өтетін боламыз.

Әйтсе де оны зерделеудің өзіндік қиыншылықтары бар екендігіне және проблемалық алаңына тоқталып өтеміз. Біріншіден, магия және оның қазақ халқының дүниетанамындағы орны мен тарихи жазбалары, мәліметтер бар болғанмен, оларды ғылыми тұрғыдан зерттеулер жоқтың қасы немесе ізденушілердің өзі тек тарихи айғақтарына басымдылық бергенмен, оның мағынасын ашуға бойлай бермейді.

Екіншіден, магия, сиқыр т.б. жалпы алғанда, тарихи қалыптасқан кең ұғым, оны оккульттік, мистикалық, магиялық, діни, діни сенімдік, эзотерикалық т.б. тұрғыдан қарастыруға болады және әрбір халықта әрқилы бағытта кездесетін өміршендігімен де байланысты. Магия, яғни сиқыр деген түсініктің ауқымы тым кең.

Үшіншіден, магияларға деген жағымсыз көзқарастар, тиым салулар, оларды жоққа шығарушылық, бос сөздер мен абсурд деп бағалайтындар т.б. пікірлері мен оларды бұрмалаушылықтар, тым әсірелеп жіберетін пікірлердің субъективті түрде тоғысқан аймағы оларды теориялық тұрғыдан зерделеуде қиындықтар туғызады.

Төртіншіден, магия мен дінді, салт-дәстүрді, ырым-тиымдарды, әр түрлі өнер (фокустарды) т.б. біртұтас құбылыс ретінде қарастыратын көзқарастар мен зерттеулердің ықпал өрісінің





басым түсіп жатуы да мәселені күрделендіре түседі. Сондықтан да, магияны зерттеушілер көп жағдайда оның шығу тарихына, этнос бойынша ерекшеліктеріне ғана тоқталумен шектеледі. Кейбір көзқарастар оны сакральділікпен тура сәйкес деп бағамдайды.

Сондықтан да, біз адам арқылы жүзеге асатын барлық тылсым құбылыстарды, оккультизмдерді, түсініксіздеу болып келетін таңғажайып үрдістерді, ауытқыған құбылыстарды, заңдылықтарға бағынбайтын адам сенбес оқиғаларды, салт-дәсүріміз бен әдет-ғұрпымыздағы ерекше салттарды, халықтық медицинаны т.б. тұтасынан магия ретінде қарастырамыз және тек жағымды немесе жағымсыз мәнде біржақты баға бермейміз, эмоционалды емес, рационалды бағдарларды негізге аламыз.

Магия туралы осындай күрделі ахуалдар мен нақты ғылыми зерттеулердің кездесе бермейтіндігі, бүгінгі таңдағы зянкестік, жалған, алдамшы магиялардың белең алуы т.б. олар туралы ғылыми пайымдауларға жол ашу керектегін қажет етеді. Исламдық діни санада, діни білгірлердің көзқарастары тек олардың тиым салынғандығын баяндаумен ғана шектеледі. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы ақпараттық желілердің мобильділігіне орай, магиялық дүниетанымның жарнамалануы мен табыс көзіне айналдырылуы да оған салынатын тиымдардың заң жүзінде ұснылмай отырғандығымен де байланысты болып тұр.

Ал көнеден келе жатқан, ырымдар мен тиымдар, халқымыздағы сенімдер мен ғылыми емес білімдердің тәжірибеде көп жағдайда оң бағалануы мен халықтық сенімнің нығаюы арасындағы қайшылық та іргелі зерттеулерге жол ашуды, қойылып отырған мәселенің өзектілігін ұсынуды керек етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Шет елдік әдебиеттер мен ғылыми зерттеулер, ұлттық таным түсінік туралы пайымдаулар, фольклорлық мұралар мен қазіргі таңдағы ғылыми емес дискурстар, ресми емес пікірлер мен сұрау салулар, ауызша дәстүр негізіндегі алынған мәліметтер және мұрағат көздері қажетті материалдар ретінде пайдаланылды.

Феноменология, тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалды, психоанализ, герменевтикалық әдіс және мәліметтерді өңдеу, сұрыптау, қоғамдық пікірді зерделеу бойынша: сұрау салулар мен әңгімелесу т.б. әлеуметтанулық, тарихи зерттеу әдістері қолданылды.

**Талқылау.** Магия бастапқыда алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының өмір салтына айналған және бұл үдеріс бірнеше мыңжылдықтарға созылған. Ал барынша жүйелі үлгідегі генезисі тұрғысынан алғанда, магияның тым көне дәуірлерде пайда болғандығы оның сайып келгенде, құпия ілімдермен келіп орайласқандығы, магиялардың қоғамдық санаға ықпалы мен көне Мысырдағы, Месопатамиядағы көріністері және кейіннен еуропа елдерінде де әр түрлі ұйымдар арқылы жалғасын тапқандығын баяндаған зерттеушілер, жалпы алғанда, барлығын діни және діни сенімдік оқуларға алып келеді. Яғни, оның белгілі бір инструменттері болғандығы туралы баяндайды. Бірақ бәрінің бір ғана шығу тегі бар екендігі туралы ақпараттар айтылмайды (Мэнли, 1994: 300-450). Ал көптеген зерттеушілер мифологиялар мен магиялардың түрлері, формалары, мазмұны әлемнің көптеген халықтарына ортақ екендігін атап өтеді (Токарев, 1990: 622).

Біз осы тұста, қазіргі таңдағы еліміздегі ғылыми емес, ресми емес ақпараттық желілердегі кейбір көзқарастар легін жинақтай отыра, оның негізгі бағдарын да сұрау салулар ретінде көрсете кетуіміз қажет: «Қазақ халқы дүниетанымында, өмірінде негізінен алғанда бәрі де магиялық сипат алады. Бүкіл өмір, тіршілік, игілікті істер мен жағымсыз құбылыстар бәрі де магиялық болып шығады. Біздер магия арқылы жауларымыздан қорғандық, магия арқылы медицина құрылды, өмірімізде де барлық қатерлерден магия арқылы сақтандып келдік... Ол қазір де біздің өмірімізде сәт сайын кездесіп отырады, ал біз оларды аңдамаймыз, тіптен балалардың ауруға ұшырауы, бақытсыздықтарға кенелуі т.б. барлығының негізінде магия ғана жатыр, ал біз болсақ оны басқа бағытқа сілтейміз, шығу тегін мен себебін аңдамаймыз бұл да Кеңес дәуіріндегі атеистік көзқарастардың сарқыншақтары мен мойындамаушылық немесе қазақтардың дүниетанымын толық ұғынбағандық болып саналады...» (Арманнан алынған интервью). Көріп отырғанымыздай мұнай пікірлер бойынша халқымыздың тіптен тұтас өмір-тіршілігі мен тұрмыстық болмысы магиядан құралғандай болып түсініледі.

Қазақ дүниетанымындағы магия толыққанды зерттелмесе де, жалпылама түрде берілген анықтамалар мен түсіндірмелердің кейбірінде оның түпмәні тәржімаланады. Жады, жадылау



дінмұсылмандық ортада бір пендеге қасақана қастық жасау, еркін байлау, ақыл-есінен айыру, жынды қылу деген ұғымдарды білдіреді (Белтенев, 2017: 598). Түп негізі парсы тілінен енген «иад – ес», «джаду – сиқыр» сөздерімен, «джаду қардан – есінен айыру» деген сөз тіркестері қазақ тілінде «арбау», «дуалау», «сиқырлау» деген мағыналарда қолданылатындығы туралы айтылады (Белтенев, 2017: 92).

Бұл тұста айта кететін жайт, ол мұсылмандық дүниетанымда жадылау деп аталғанмен, басқа да діндерде кездесетін, арғытүркі қазақтарда да аңыздық және реалды өмір ретінде көрініс тапқан үдеріс екендігіне баса назар аударуымыз керек. Ислам дініндегі формасы діни мәтіндерді пайдаланатын болса, қазақи басқалай түрі бейне бір сиқырланған, «оқылған» дүниелерді пайдаланады. Бұл үдеріс қоғамдық сипат алғанмен, жүзеге асыратын арнайы мамандар болған.

Магияға байланысты ұғымдардың бірі – жадыгөй, жәдігөй. Ол дәстүрлі діни түсінікте қара сиқыр арқылы адамның еркін байлап ақыл-есінен айырушы дуақан. Жадыгөй сөзінің түп негізі парсы тілінен енген «джадугар», яғни, «арбайтын адам», «сиқыр жасаушы», «дуагер» деген сөздермен мағыналас. Ықылым заманнан бері Ібілістің (малғұн) және оның әскерлері жын-шайтандардың адам баласының арасына от салу үшін ойлап шығарған әрі таратқан эзәзіл амалдарының қатарына жатады. Ол дуақан, дұға оқушы деген ұғымдарға да жуықтайды. Сөздіктерде оған мынадай түсіндірмелер беріледі: «Жад/йад» – түркінің өз сөзі. Көне түркі тілдерінде бұл сөздің бір мағынасы – «сиқырлық, арбау, дуалау, жаңбыр мен жел шақыратын сиқырлық», йадчы сөзі «сиқыр адам, арбаушы, сиқырлаушы», йатла-етістігі «сиқырла» деген ұғымдарды берген. Соңғы екі сөз сол тұлғада қазақ тілінде де бар, мағынасы сақталған: жадылау – «сиқырлау, арбау дуалау». «Бір нәрсенің құпия сыры, сиқыры» ұғымында жады сөзі де кездеседі. Жады – ескі наным бойынша сиқырлы күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сырқат. Осы түбірден туындаған жадыгөй (кейбір жерлерде мұны жадыгер деп те атайды) – сиқырлап, дуалап, алдап арбайтын сиқыршы. Бұл екі сөзден жасалған жадылау, жадыгөйлену, жадыгөйсү сияқты етістіктер де жадылық, жадыгөйлік сияқты дерексіз есімдер де қолданылады. Бұл күнде жәдігөй сөзі «сиқыршы» деген тура мағынасынан ауысып, жалпы «алдаушы, қастандық етуші, екі жүзді адам» деген ұғымда жиірек кездеседі (Сыздықова, 2014: 58). Кейбір түсіндірмелерде: жадылауды дуа арқылы былай түсіндіреді: «Біреудің басын айналдырып жадылау үшін бақсы-балгерлердің ішкізіп-жегізетін ішірткісі» (Қабдолдина, 2017: 747)

Негізінен алғанда, жадылау, сиқырлау, дуалау үрдісінде белгілі бір мистикалық тылсым әлем субъектілерінің қатысуы да мүмкін екендігі туралы пайымдауымызға болады. Сондықтан да, ондай адамды «жын-данды», «жын кірген» т.б. деген атаулармен берген. «Жадыбас – дәстүрлі діни түсінікте жасалған қара сиқырдың салдарынан ақыл-есінен алжасып, дуаның жетегінде жүрген адам. Парсы тілінен енген «джаду-сиқыр» және қазақ тіліндегі «бас» деген сөздерден құралып, жадыбас кісі деген ұғымды білдіреді. Әдетте, өмірдегі әртүрлі себептерге байланысты белгілі бір адамдар арасындағы өзара көре алмаушылық, өшігу, күндестік, бақталастық шектен асқан кезде, пенделердің бір-бірінің жолын жабу, қарсыласын бір кеселге душар қылу үшін көбіне дуақандардың теріс амалдарына жүгініп жататындығы халық тәжірибесінде баяғыдан бар жайт (Уәли, 2017: 87-88).

Жадыбас адам алдымен, психологиялық аурға, ауытқуға ұшырағандай күй кешеді, қазіргі этникалық құндылықтар парметрлері бойынша жиі кездесетін «мәңгүрттену» құбылысы да, негізінен алғанда, есінен адасқан деген мағынаны жамайды. Ондай адамдар өзіне-өзі есеп бере алмайтын, санасы тек бір ғана мақсатқа бағдарланған (запрограммированный), ойы мен сөзі, іс-әрекеті мен тәжірибесі тек жадыланған бағдарламаны орындауға қызмет ететін «биороботтар» секілді болып келеді, адам еркінен тыс үдерістер жүзеге асып отырады, ол күшіне енген сәтте, табиғи инстинкттері сақталып қалып, барлық өмір сүру дағдыларын автоматты, механикалық түрде орындап, эмоция жоғалып немесе басқа арнаға бұрылып кетеді, қалыпты құндылықтары өзгереді т.б.

Магияға қатысты ұғымдардың бірі сиқырлау – адамға қара магияның алуан түрлі жолдары арқылы қастық жасау. Араб тілінен аударғанда «жадылау», «арбау», «дуа қылу» «еліту», «таңғалту», «көз байлау» деген мағыналарды білдіреді. Шариғат бойынша құпталынбайтын теріс амалдардың қатарына жатады. Тегінде сиқыр мен дуа жасау зор күнәлар қатарынан саналады. Оның харам іс екендігіне дін ғұламалары ешқандай шүбә келтірмейді. Дәстүрлі



ортада сиқыр мен осы «ілім жолдарын» мықты меңгерген, өзінде ерекше «қасиет» бар деп санайтын дуақандар айналысқан. Олар біреуге қаскөйлік жасағанда көбінесе мәйітті жуған суды, адамның шашын, тырнағын, малдың жүн-жұрқасын, матаның қиындысын, инені, жіпті және т.б. тұрмыста қолданылатын заттарды пайдаланған (Ислам, 2010: 312).

Бірақ қолданатын заттар мен құралдар әрқилы бола береді, ең бастысы қолдануға ыңғайлы болуы мен психикаға ықпал ету күшінің болуы. Бірақ еліту, көз байлау, таңғалту т.б. сиқыр ретінде жалпылама қарастырғанмен, қосалқы мағынасы: «гипноз арқылы», «фокус» т.б. дегенді білдіреді.

Ал «арбау» күрделі ұғым, әдеби сөздіктер мен тілдік түсіндірмелерде, адамның дұрыс психикалық қалпынан ауытқып, басқа түсініктерді санасына енгізу, әр түрлі технологиялар арқылы адам еркінен тыс әрекеттер жасатуға мәжбүрлеу дегенге келіп саяды. Ал сиқыршы бойындағы магиялық-мистикалық күштері мен әрекеттері арқылы басқа біреулерге астыртын амалдар жасаушы кісі. Қоғамдық санада айтылатын «арбаушы», «көз байлаушы», «дуагер» деген мәндес ұғымдар қатарында жиі қолданылады.

Бұл атаудың концепт ретіндегі мағынасының құрылымы: бір қырынан мистикалық сипат алуы, жағымсыз мән жамауы, жалғандық пен өтірік сияқты болып көрінуі, барлық жағымды-жағымсыз магияны орындаушылардың жалпы атауы, қазіргі таңда фокусник деген ұғыммен де қабысуы т.б. Бірақ магияның халықтық медицинада, емшілік дәстүрде қолданылатындығын ескерсек, онымен шұғылданатын арнаулы ресми атауы бар тұлғалар институты қалыптасқан. Мәселен, тәуіп бойындағы туа бітті немесе кейін қалыптасқан тылсым қасиеттері мен тәжірибесі арқылы ауру кісіні емдейтін адам. Тәуіп сөзі араб тілінен аударғанда «табба-емдеу, дәрігерлік көмек көрсету» деген етістіктен туындап, зат есім «табиб – дәрігер» деген мағынаны білдіреді. Халық арасындағы емші, шипагер сөздерімен мәндес ұғым. Қазақы ортада жан-жақты емшілік қабілеті бар адамдардың жалпылама атауы негізінен әрқилы болып келеді. Қазақ дүниетанымындағы халықтық медицинадағы атаулардың бірі, сондықтан, оның баламалы, синонимдес, изоморфты бірнеше нұсқалары бар: сынықшы, емші, бақсы, молда (еммен шұғылданатын) т.б. Дегенмен, оларды тура сәйкес, бір ұғым ретінде де қолдануға болмайды, өйткені, олардың атқаратын қызметтерінде айырмашылықтар кездеседі.

Оларға берілген анықтамаларды негізге алсақ, кейбірінің жағымсыз мағынада қолданылғандығын көре аламыз. Бірақ магияның дінтану ракурсында кара, ізеттілік, шаруашылық магиясы деп үшке бөлінетіндігін де ескерсек, оларды жағымды мағынасында да қарастыруымызға болады. Ал дінтанулық сөздікте магияны мақсаттарына қарай: зиян келтіретін, әскери, кәсіпшілдік, емдік, махабаттық т.б. деп бөлген (Дінтану: энциклопедиялық сөздік. 2 Том, 2018: 115).

Осыған орай, қазақтарда да жағымсыз, зиянкес магиялар: дуалау, азғыру, арбау, көз тию, тіл тию т.б. санасын улау арқылы еріксіз жүзеге асырылатын құбылыстар болса, жаңбыр жаудыру, ұшықтау, ақ жол тілеу мен жол ашу т.б. ізеттілік магиясына жатқызылады. Бір ерекшелігі, сәйкесінше, осы зиянкестікпен жасалған магиялардың да алдын алу және оны «кері қайтарудың» да өзінің тәсілдері мен әдістері болған (мұны психикаға байланысты түрде алсақ, компьютерлік құрылғылардағы «вирус-антивирус» жүйесімен салыстыруға болады). Мәселен, тіл мен көз тиюден сақтап жүретін арнайы бойтұмарлар дайындалады және ол үнемі қолданыста болуы қажет, оларды зиянды энергиялардан сақтайтын кепілдік инструмент немесе терапия деп те айтуымызға болады.

Сонымен қатар, магия мазмұны жағынан да әрқилы болып келеді. Жалпы алғанда оның көп жағдайда сакральдік мәні де бар екендігін атап өтушілер жағымды-жағымсыздықтан тыс оны бейтараптылықпен бағамдайды: «Діни сенім жүйесінің салт-дәстүрлік құрылымы мынадай сакральдік жағдайда бүгінгі күн үшін мәлім болады: 1. Сиқыр мен магия: қастерлілік пен қорқу, үрей мен қорқыныш, сыйластық пен алдамшылық т.б. діни қастерлілік сезімді береді. Салттардың барлығы белгілі бір деңгейде ғылыми дәлелденіп немесе жаратылыстанулық лабораторияда тексерілмеген. Сондықтан, халқымыздағы салттар кей жағдайда мистикалық сипат алады. Шығу тегінің түсініксіздігі маңызды болмай шығады да, оның сиқырлық жағы артады. Сондықтан, алғашқы діни сенімдердің қалдықтары бейне бір үрей мен қорқыныш арқылы да сақталады. Бұны кейбір ырым-тиымдардан анық байқауға болады. Бұның себебі, мыңдаған жылдар бойғы халқымыздың сана-сезімінің біздің таным



түсінігімізде сақталып қалуы болып табылады. Бұл сәйкесінше архетиптер ілімімен келіп тоғысады» (Аташ, Алинов, 2019: 133-136).

Қазақ халқындағы діни танымдық магияның ерекше бір түрі – аруақ. Бұл жалпылама концептуалды және барынша кең ауқымды ұғым бола отырып, көпқызметті болып та құрылымданған. Ол бірінші масштабта, өткен ата-бабасының қуаты мен мәртебесінен магиялық, мистикалық түрде сусындау, нәр алу, күш жігер тасымалдау, ерекше шабыт пен энергияның құйылуы т.б. Мәселен, ата-бабаларамыздың жауға шапқанда аруақ шақыруы дәстүрі мен оның қазіргі күнге де заманауи форматта тасымалдануы: «...Әбдісалан болса – қаңтарда жараған қаптағайдай шабынып-ақ тұр. Бұл алары – хақ. Алла жар болып ұлы бабасы Қара қыпшақ Қобыланды аруағы қолдаса...» (Қазақ спортының саңлақтары, 2007: 58-59).

Екінші масштабта, ата-бабалардың рухының қазірі адамдарға ықпал ете алатын аралық дәнекерлер арқылы, жеке айрықша тұлғалар арқылы қуатын тасымалдау: емшілік, рух берушілік, шабыттандырушылық т.б.

Үшінші масштаб бойынша «ол – рух», қайтыс болған «адамның жанының мәңгілік өмір сүруі арқылы бүгінгі келбетіндегі «бейне». Бұл аруақтарға ас беру, аруақтардың ризалығын алу («өлі риза болай тірі байымайды») және т.б. мақал-мәтел түсініктері арқылы қоғамдық санада сабақтасатын мистикалық құбылыс пен дәстүр. Ол жалпыхалықтық сенім және қастерлі ұғым болып саналған. Мысалы, «Ол үшін ақсарбас айтылып, оның бауыздалу қанына қол батыру ақ батаны бұзбауға серт бергендік болып табылады. Серт бұзылмайды, қол алысқан шартты аттауға жол жоқ. «Уәде-құдай сөзі» деп білетін қазақ аруақтар назасынан қорқады» (Қалиев, Оразаев, Смайылова, 1994:182).

«Бұл әдет өте көне отқа табынудың, аруақтар құдіретіне сенушіліктің ілімі ретінде сақталған. Халық түсінігі бойынша бұрын өлген ата-бабаларының рухы әрдайым ұрпақтарын жағалап келіп жүреді. Көңілі түссе жебеп, қолдап жүреді дегенге халық әбден сенетіндіктен аруақ рухын риза ету үшін отқа май құйып, олардың жаңа тілеу, жас қосақтарға оң көзімен қарап, шарапатын тигізуін тілейтін» (Әмірова, 2023:108-116).

Төртінші масштабта бақсылықпен тікелей байланысты болып келеді. Бақсы ата-бабасының аруақтарымен тілдесе алатын құдыретті жан иесі болғандықтан, аруақтардың ықпалы, жәрдемі, қуаты, ықпал тылсым күші т.б. пайдалана отырып, емшілікпен, көріпкелдікпен, басқа да физикалық тұрғыдан мүмкін емес үдерістерді атқарады деп саналады (Қазақ бақсы балгерлері, 1993: 224).

Т. Ғабитов бұл мәселелерді былайша тиянақтайды: «Рух арқылы шаман сиқырлайды, емдеу қабілетін иемденеді, өзге рухтарды аруақтың рухының жетелеуімен межелі жеріне дейін қуады» (Ғабитов, 2012: 22-29).

Фольклорда және қазақи байырғы дүниетанымда бақсылық елеулі орын алған, тіптен, шамандық мәдениет ретінде танылып, руханияттың іргелі туындысына да айналған (Жақсылықов, 2006: 496).

Ал кейбір зерттеушілер бақсылық магиясының түп бастауы тәңіршілдік сенімінде жатқандығын, олардың аруақтармен тілдесу тәсілі, Тәңіршілдік дүниетанымындағы басты атрибут болғандығын атап өтеді (Оспанов, 2009: 424). Шынтуайтында, тек қазақ даласында ғана емес, әлемдік шаманизм аясында да олардың құдыреттілігі туралы мифологиялар мен зерттеулер бүгінгі таңда да онды немесе теріс түрде бағаланады, оны этникалық құндылықтар ретінде де зерделейтін көзқарастар бар (Денисова, 2022). *Олар бақсыларды ерекше қабілетпен жаратылған адамдар, туа біткен қасиет, қоғамда ерекше мәртебеге ие және өзіндік атқарар қызметі маңызды тұлғалар ретінде қабылданады. Ш. Уәлиханов та этнограф ғалым ретінде бақсылар туралы сол дәуірдегі қоғамдық пікірді осылайша рационалды түрде бейнелеген еді* (Уәлиханов, 1985: 560).

Қазіргі таңда да магия мәселесін қайта жаңғырту, қайта зерделеу аясында ақиқат-жалғандық тұрғысынан алғанда, екі масштабта қарастыруға болады: мифтендіру және ғылымиландыру.

Барлық магиялық дәстүрлер мен үрдістердің барлығын тұтасынан алғанда, заманауи мифология немесе байырғы мистикалардың қайта жаңғыру деп есептейтін көзқарастар бағдары бар. Бұл тұста, қазіргі таңдағы магияның жалпы масштабы мен таралу аймағына, жалпылама келбетіне де тоқталып өтушілер оларды әрқилы түсіндіріп келеді. Әлеуметтік мифологияны



зерттеушілер оны заманауи мифтердің құрамына жатқызады, бірақ нақты қайсысы екендігіне маңыз берілмейді (Бекежан, 1998: 14).

Магияларды ғылымиландыру кең көлемде жүргізіліп отырған үдеріс, ол дін, оккультизм, мистика, миф т.б. ғылыми емес білімдердің барлығын сциентистендіру беталысынан да байқалатын әлемдік үдеріс болғандықтан отандық ғалымдардың да назарынан тыс қалып отырған жоқ (Харун, 2002: 206).

Сонымен қатар, шаманизмнің де ғылыми негіздерін саралау беталысы оны жаратылыстану ғылымдары арқылы дәйектеумен жалғасын тауып отыр: Эйнштейн-Подольский-Розен парадоксымен дәлелдеу; К.Г. Юнгтің теориясымен дәйектеу (психология бойынша); Вакуум бойынша дәйектеу (физикалық түсіндірмелер) т.б. (Аташ, 2013: 99-104).

**Зерттеу нәтижелері.** Көріп отырғанымыздай, жалпы алғанда, қазақ магиясы деп атауға болатын үдеріс тарихи-әлеуметтік субстраттары орныққан және көпқызыметті, күрделі құбылыс болғандықтан да біз оны концепт ретінде бағамдап, оның құрылымдық-функционалдық негіздерін және өзіндік бір жүйесін құрылымдауымыз керек. Талданып отырған мәселелерден, «Магия деген не, оның халықтық дүниетанымда анықтайтын индикаторлары қандай, ол исламдық па, әлде бақсылық па, қашан пайда болған құбылыс, қазақ халқының өмірінде қаншалықты орын алған және қазіргі келбеті қандай, оның ғылыми негіздері бар ма, әлде мифтік сенімдердің бірі ме, ол қалай жүзеге асады?» т.б. сан алуан сауалдар туындайды. Біз оны мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтанулық, философиялық, этнографиялық интегративті ғылымдар тұрғысынан саралаймыз: құрылымы, генезисі, магиялардың мазмұны бойынша, қазіргі келбеті мен бағдарлары т.б.

1. Құрылымы. Жоғарыда көрсетілген талдауларға сүйене отырып, қазақтардың магиялық әлемін таразылау үшін оған қатысты ұғымдар мен түсініктемелерді былайша топтай аламыз.

– Үдеріс ретінде (процесс): жадылау, бәддұға, сиқырлау, дуалау, арбау, қарғау, теріс оқу, басын айналдыру, мәңгүрт қылу, сөзі мен көзін тигізу, дем салу т.б.

– Құралдары: материалдық – бойтұмар, ішірткі, қандай-ма бір оқылған дүниелер (фетиштер деп те атуымызға болады), дұғалық; идеялық – сөздер, Құран сүрелері, аспаптар (мәселен, қобыз, даңғара үні), тылсымдығы – аян беру, кенеттен, күтпеген, мүмкін емес оқиғалар арқылы т.б.

– Субъектілері: Жәдігөй, Жадыбас кісі, Сиқыршы, Бақсы, Елті, Жауырыншы, сынықшы, Тамыршы, Жәдігөй, Молда, әулие-әнбилер, құмалақшы, Көзі бар адам (көз, тіл тигізуші) т.б.

2. Генезисі мен дін түрлеріне қатысты тұрыдан алғанда, бір қырынан алғанда, қазақтардың магиялық салттары ортақ бір дүниетанымға негізделсе, екінші бір қырынан алғанда, исламнан тыс және исламдық болып та бөлінегін тәрізді. Исламдық қырлары оның генезисіне қатысты болып та зерделенеді: «Пайғамбардың (с.ғ.с.) қызметшісі оның тарағын ұрлап алып, руластарына апарып береді. Дін жаулары оның тарағына жабысқан бірнеше тал шашына бәддұға оқып, басын өлімге байлайды да сол маңдағы бір құдыққа апарып жасырып тастайды. Ертеңіне пайғамбар (с.ғ.с.) емін ешкім білмейтін дертке шалдығады. Ауру әбден меңдеген пайғамбардың (с.ғ.с.) жүдеу халін көрген мұсылмандар қатты сасады. Есі ауып, талықсыған пайғамбар (с.ғ.с.) түс көреді. Алла Тағаланың қалауымен аян берілген түсінде Жәбірейіл періште (ғ.с.) келіп, оған сиқырға дауа болатын «Фалақ», «Нәс» сүрелерін үйретеді. Ол, бұдан былай өзіне, үмбетіндегі біреуге сиқыр оқылып дуа жасалса осы сүрелер арқылы дем салсын, – деп бұйырады. Әрі дуаланған заттың құдық түбінде жатқанын айтады. Соны алдыртып екі сүрені оқы, – дейді. Сахаба Әбубәкір Сыдық құдықта жатқан пайғамбардың (с.ғ.с.) дуаланған шашын әкеледі. Шаш бірнеше жерден түйілген болып шығады. Қос сүрені аят-аятымен кезек-кезек оқығанда әлгі түйіндер біртіндеп шешіліп, Алла елшісі (с.ғ.с.) дертінен демде сауығып кеткен екен делінеді. Өз пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) басынан өткен бұл жағдайдан кейін мұсылмандар осы қос сүрені оқып сиқырдан сақтанатын болыпты (Белтенов 2017: 229-230).

Ал ислам дініндегі жалпы атауы жағымды атауы мұғжиза деген концепт түрінде беріледі. Ал жағымсыз мағынасында ду(ғ)алау, ібіліске еру, жын-перінің азғыруы т.б. болып келеді және ол кейіннен тиым салынған әрекет болып саналған.

Сонымен қатар қазақ даласына кең тарған сопылық бағыт, оның ішінде, нақшбандия тариқатында да магиялық дәстүрлердің бар екендігі жоққа шығарылмайды, көп жағдайда исламдық сенімдер бойынша ол табу, эзотерика болып саналады немесе ол туралы дискурс



құруға болмайтындай болып есептеледі. Дегенмен, XIX ғасырларда Бұқара қаласында осы ілімдер бойынша білім беретін арнайы оқу орны болғандығы, бұл мекемелерде қазақтар арасынан шыққан дінге, білімге құштар талантты тұлғалардың білім алып, өнер үйренгендері және тек діни сауаттылық қана емес, әр түрлі магиялық әрекеттерге де бара алатындығы туралы деректер аз емес. Олар ишан, ахун, әулие, пір деген сияқты арнайы діни титулдарға да ие болған, ел ішінде қастерлі адамдар болып құрметтелген. Мәселен, Н.Б. Мансұровтың түсінігі бойынша ишандар осы атаққа ие болған азаматтардың өз бойындағы жеке қасиеттерімен танылғандығы, әулиелігі мен мұғжизаларды таныта білген қасиеттері арқылы көрініс табады (Мансұров, 2016: 213-217, 216).

Құдияр Біләл ишандар туралы: «...Әбу Һурайраның қалтасы – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) мұғжизасы. Оның іші бос болып көрінгенімен, қолыңды салып қалағаныңды ала бересің. Жалал-ад-дин Руми пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы мұғжиза-сүннетін біз де орындай аламыз дегенді айтады...», -деп түсіндіреді (Біләл, 2014: 68-70, 69).

«Ишандардың әулиелігі сопылықтың да эзотерикасын меңгерумен ұштасып жатқандықтан, қажет кезінде көріпкелділікпен де шұғылданған. Олардың ата-бабаларынан, исламның қасиетті деген дін өкілдерінен аяндар беріліп отырған. Олардың қатарында Қызылорда облысы, Қармақшы топырағында XVIII ғасырдың аяғында дүниеге келген Марал ишаннан бастап, бұрынғы Батпаққара жеріндегі Сатыбалды Ишан (XIX ғ), маңғыстаудағы Жұмабай ишан (XX ғ), Ұлытаудағы Ахмет Ишан (XX ғ) сияқты халық арасында зор беделге ие болғандарын атап өткеніміз жөн» (Белтепов, 2017: 107-108).

Ал исламнан тыс ракурстың негізгі субстраты бақсылық, шаманизммен байланысты болса керек. Бірақ, жалпы қазақ даласындағы исламдық түсінікке жатпайтын магиялардың барлығын тұтастай бақсылық көрініс деп саралауға да болмайтын тәрізді. Өйткені, басқа да діни сенімдерден енген және қазіргі таңдағы экстрасенстер деп аталатын мектеп шамандықтан тыс немесе мүлде басқаша парадигмада құрылымданған. Немесе, «көз тию», «тіл тию» сияқты магиялар қай сенімнен алынғандығы және қашан пайда болғандығы белгісіз. Бұл көне түркілік әдебиеттерде, жырларда, халық аузында, мақал-мәтелдерде кездесе бермейтін құбылыс.

Бақсылық магиясы да күрделі құбылыс, оның өзі көпқұрылымды және көп түрлі болып келеді. Жоғарыда айтылғандай, 1990-2000 жылдарғы зерттеулерде қазақ даласындағы бақсылық құпиясы мен әфсаналар және ауызша тараған ақпараттар т.б. XX ғасырдың орта шеніне дейін елімізде бақсылар да арнайы институт деп атауға болатындай деңгейде қалыптасқандығын көруімізге болады.

3. Магиялардың мазмұны бойынша да жіктеуімізге болады. Негізінен алғанда, магиялар жоғарыда атап өткендей, қоғамдық өмірдің барлық саласында кездескендіктен және әрқилы қызмет атқаратындықтан, оларды мазмұны бойынша да былайша ажыратуымызға болады: халықтық медицина, сакральдік феномен, ырым-тиымдар, шынайы өмірлік белестер мен әкптілер. Қазақтардағы магиялық өмірді байыптағанда, кей сәттерде, тұтас дүниетаным мен өмір сүру салттарын, әдет-ғұрпы мен ырым-тиымдарды т.б. барлығын зерделегенде, «магия-дәстүр-экзистенция» түзілімін құрылымдауға болады. Ырымдардың көпшілігі магиялық сипатта сияқты болып көрінеді, өйткені, шындығында да, оның ғылыми негіздемелерін табу өте күрделі ахуалға алып келеді. Екінші бір қырынан, әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан тәжірибеде зерттелмеген мәселенің бірі. Мәселен, ұшықтау магиясын алсақ, кемінде 100 адамға ұшықтау тәжірибесін жасап, оның қаншасына қалай әсер еткендігі мен ықпал етпегендігі туралы пайыздық көрсеткішін шығаруға болады. Немесе, қазіргі таңда да құмалақшылардың көріпкелдігі туралы екіұдай көзқарастар бар: оған шынайы сенетіндер, күдікпен қарайтындар, жоққа шығаратындар. Оларға да тәжірибе өткізілмеген, егер ерікті 100-ден кем емес, адамды таңдап алып, олардың өмірі мен болашағы туралы құмалақшының айтқандарының сәйкестік дәрежесін және оның пайыздық мөлшерлемесін есептеп шығаруға болады, оны жеке-жеке әрбір құмалақшыға жүргізуге де мүмкіндік бар. Үшкіру, ұшықтау, аузына түкіру т.б. орындау үшін арнайы мамандар мен сиқыршылардың қатысуы міндетті емес, ол жалпы халықтық ем-дом, ритуал, баршаға ортақ үдеріс пен таным болып табылады.

Бірақ бұл тұста айта кететін және жете зерттелмеген мәселелердің бірі – жалпыхалықтық ем-дом болғанмен, егер оны кәсібиленген халықтық емші, сиқыршы орындайтын болса, онда оның әсер ету күші ықпалды, қуатты және оң нәтижелі болуына кепілдік неғұрлым көбірек



беріледі. Бұндай дәстүрге халық сенімді және ол нәтижелі деп саналады (қаншалықты пайыз екендігін зерттеу қажет).

4. Қазіргі келбеті мен жаңашаланған бағдарлары. Қазіргі таңдағы «сиқыр әлемі» деп атауға болатын көріністің де өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оларды былайша жүйелеп көрсетуімізге болады. Оны да хронология бойынша екіге бөліп қарастыра аламыз: тарихи сабақтасқан сиқыр әлемі мен жаңа мифологиялардың туындауы.

Тарихи қалыптасқан сиқырлардың жаңаруы бір қырынан, әлеуметтік мифологиялармен байланысты болса, екінші бір қырынан алғанда, көне дәстүрлерді қайта жаңғырту, оларды реконструкциялау жобасымен жұмыс жасап келеді. Олар көне мистикалар мен оккультистік философияны, мифология мен дінің ортодоксальді негіздерін, ондағы әр қилы мұғжизалар мен сиқырларды негізге алады немесе оларды репрезентациялайды. Олардың жалған-ақиқат екендігін дихотомиялау қиындықтар келтіреді. Дегенмен, шынайы форматтары да болуы ықтимал екендігін ескере отырып, жалғандыққа бағдарланған немесе көне мистикаларды қайта жаңғыртқан бағдарлар бар екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, «Хан Ата», тылсым әлемдер қабаты (бесінші, алтыншы, жетінші өлшемдер), аян беру, экстрасенстер және квази-экстрасенстер (жалған құмалақшылар, емшілер), гипнозды меңгергендер т.б. Олардың кейбірі қазіргі ақпараттық желілерді пайдалана отырып, қоғамдық санада өзін жарнамалау маркетингін меңгеріп алғандықтан, қоғамдық санада да елеулі ықпалды институт болып құрылымданған және олардың мақсаттарын былайша жіктеп көрсетуімізге болады: бизнес жүргізу және оны жүргізуді үйрететін тренинг (коуч, блогер т.б.); діннің тарихи сакральділігіне сүйену арқылы діни идеологтар мен миссионерлік; әлемдік қаржы институттары арқылы іргелі жобалармен жұмыс жасайтындар, мақсаттары жобаларды жүзеге асыру (олардың мақсаттары әрқилы және арнайы зерттеулерді қажет етеді);

Олардың жұмыс жасау технологиялары: ақпараттық желілермен жұмыс жасауға мамандану немесе арнайы мамандар тарту; жүйесіз немесе бастапқы формада болса да манипуляциялық тәсілдерді меңгеруі; магиялық әлемге деген сенімділік деңгейі т.б.

**Қорытынды.** Қазақ халқы тарихындағы және қазіргі кездегі магияларды құрылымдық жағынан жүйелеп, жіктеп көрсетуге болатындығын ұсындық.

Хронологиясы мен діни сенім түріне қарай: исламдық және исламға дейінгі сенімдік.

Құрылымы бойынша: процесс түріндегі көрінісі, материалдық құралдары, субъектілері мен объектілері.

Мазмұны бойынша халықтық медицина, сакральді, сөздің экспресивті-эмоционалды күйі.

Жағымды-жағымсыздық өлшемдері бойынша үшке бөле аламыз: зұлымдыққа бағытталған, ізгілікті қалайтын, бейтарап.

Ықпалдылық күші жағынан: кәсібиленген және кәсіби емес, яғни жалпыхалықтық сипат алатын.

Қазіргі таңдағы феноменологиялық бағдарлары: мифологиялық жалғандық деп санау, ғылыми танымды қажет ететіндігі мен зерттелуі, ритуалдардың жай ғана үдеріс ретінде орындалуы, бейтарап қатынастар.

Қазақтардың өмір салтындағы магияның жоғарыда аталған барлық түрлерін біз, шынайы, абсолютті ақиқат ретінде пайымдай алмаймыз. Сондықтан да, оны «миф - реалдылық – ритуал» форматында қарастыруды ұсынамыз. Демек, олардың шынайы немесе шынайы еместігіне байланысты, тұтасынан ұлттық магияларды реконструкция жасау керек, атап айтқанда, миф пен шынайыларын дихотомиялап, олардың ритуалдық форматтарын да көрсетіп, қайсысын тәжірибе жүзінде тексеріп көруге болатындығына байланысты эмприкалық зерттеулер жүргізуіміз керек.

Сонымен қатар, феноменологиялық зерттеулер мен тарихи фольклорлық таным бағыты қазіргі батыстық ғылыми парадигмаларға сай келе бермейтіндігін ескере отырып, оларды алғышарттар мен бастапқы ресурстар ретінде бағалауымыз керек. Мәселен, бақсы, әулие, емші, тәуіп т.б. магиялық қасиеттері туралы еліміздегі жасы ұлғайған адамдардан далалық практика есебінде жүргізілген зерттеулер бойынша алынған мәліметтерді де жоққа шығармай және оларды бірден-бір ақиқат ретінде верификацияламай қабылдауға да болмайды. Ендеше, олардан алынған мәліметтер бізге бастапқы ақпараттар бере алады, екінші кезекте оларға мүмкіндік келгенше тәжірибелер жүргізу қажет.



Екінші бір қырынан алғанда, прагматистердің ұстанымдарына орай, діннің бізге объективті шындығы емес, қазіргі таңда халықтық сұранысқа қажеттілігі бар ма, жоқ па деген мәселеге байланысты, егер тиімді болатын болса, онда ақиқат ретінде өмір сүріп тұрған жоба болып қабылданады деген нұсқаны да ұсынуымызға болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

Аташ, Алинов, 2019 – *Аташ Б.М. Алинов А.И.* Ұлы Дала еліндегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың саяси-әлеуметтік және тәжірибелік өмірмәнділік маңызы мен ролі // «Ұлы дала түркі халықтарының ортақ мекені» // атты халықаралық ғыл.-тәжр. online конф. материалдар жинағы. Алматы: «Қыздар университеті баспасы», 2019. 133-136 б.

Аташ, 2013 – *Аташ Б.М.* Шамандық метафизика: әлемдік ерік аясындағы бақсы феномені // Тамыр. Искусство, культура, философия. №4(37). 2013. 99-104 б.

Әмірова, 2023 – *Әмірова Қ.* Этногендерлік идеялардың эволюциясы: ұрпақ тәрбиесі мен әжелер институты // З. Қодар, С. Оспанов, С. Б. Бөлекбаев, Б. Аташ, Ә. Құранбек, Ш. Әлиев, О. Қазиев, С. Қоңырбаева, Ж.С. Тлеукенова, Г. Қ. Бектұрғанова, Г. Адаева, Қ. Әмірова. Этногендерология (ұжымдық монография). Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2023. 108-116 б.

Бекежан, 1998 – *Бекежан Ә.* Мифтің қоғамдық санадағы мәні мен қызметі.- канд. дисс. автореф. А., 1998. 14 б.

Белтенев, 2017 – *Белтенев Ж.* Бәддұға // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 1 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

Белтенев, 2017 – *Белтенев Ж.* Дұға, дұға оқу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 2 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», - 2017. 92 б.

Белтенев, 2017 – *Белтенев Ж.* Ишан // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 3 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», - 2017. 107-108 б.

Белтенев, 2017 – *Белтенев Ж.* Сүре // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 5 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», - 2017. 229-230 б.

Габитов, 2012 – *Габитов Т.* Роль религии в казахской культуре // Адам әлемі. №1. 2012. 22-29 б.

Денисова, 2022 – *Денисова А.* О шаманизме. [www.shamanspirit.nm.ru/books.html](http://www.shamanspirit.nm.ru/books.html) (Қаралған уақыты: 15.02.2022).

Дінтану: энциклопедиялық сөздік, 2018 – *Дінтану: энциклопедиялық сөздік.* 2 Том / құрас.: Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 115 б.

Жақсылықов, 2006 – *Жақсылықов А.* Шаманизм мен фольклор // Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары. Алматы: Жазушы, 2006. 496 б.

Ислам, 2010 – *Ислам.* Энциклопедиялық анықтама. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. 312 б.

Қабдолдина, 2017 – *Қабдолдина Г.* Ішірткі // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 5 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 747 б.

Қазақ бақсы балгерлері, 1993 – *Қазақ бақсы балгерлері.* Құрастырған Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. Алматы: Ана тілі, 1993. 224 б.

Қазақ спортының саңлақтары, 2007 – *Қазақ спортының саңлақтары.* (Октябрь Жарылғапов, Әбдісәлан Нұрмұханов, Бекзат Саттарханов туралы естеліктер). / Құраст. Жарылқасын Нұсқабайұлы. Алматы: Білім, 2007. 58-59 б.

Қалиев, Оразаев, Смайылова, 1994 – *Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М.* Қазақ халқының салт-дәстүрі. Алматы: Рауан, 1994. 182 б.

Білал, 2014 – *Білал Қ.* Дәстүрлі дініміздің негізі – ишандық мектеп // Жалын. №9. 2014. 68-70 б.

Мансұров, 2016 – *Мансұров Н.Б.* Ишан сөзінің мағыналық сыр-сипаты // Қазақ білім Академиясының баяндамалары. №4. 2016. 213-217 б.

Мэнли, 1994 – *Мэнли П. Холл.* Энциклопедическое изложение масонской, герметической, каббалистической и розенкрейцеровской символической философии. Санкт-Петербург: СПИКС, 1994. 300-450 б.

Оспанов, 2009 – *Оспанов С.* Арғытектану негіздері. Алматы: Арыс, 2009. 424 б.

Сыздықова, 2014 – *Сыздықова Р.* Сөздер сойлейді // Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2014. 586.

Токарев, 1990 – *Токарев С.А.* Ранние формы религии. М.: Политиздат, 1990. 622 с.

Уәли, 2017 – *Уәли Н.* Дуақан // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Бес томдық. 2 том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 87-886.

Уәлиханов, 1985 – *Уәлиханов Ш.* Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Таңдамалы шығармалар. 2-бас. Алматы: Жазушы, 1985. 560 б.

Харун, 2002 – *Харун Яхья.* Сотворение Вселенной. М.: Ансар, 2002. 206 с.





### References

- Amirova, 2023 – *Amirova Q.* Etnogenderlik ideialardyn evolusiasy: urpaq tarbiesi men ajeler instituty [The Evolution of Ethnogender Ideas: Parenting and the Institution of Grandmothers] // Z. Qodar, S. Ospanov, S.B. Bolekbaev, B. Atash, A. Qurbanbek, Sh. Aliev, O. Qaziev, S. Qonyrbaeva, J.S. Tleukenova, G.Q. Bekturganova, G. Adaeva, Q. Amirova. Etnogenderologia (ujymdyq monografiya). Almaty: QazMemQyzPU, 2023. 108-116 b. [in Kazakh]
- Atash, 2013 – *Atash B.M.* Shamandyq metafizika: alemdik erik aiasyndagy baqsy fenomenı [Shamanic Metaphysics: The Phenomenon of the Shaman in the World Will] // Tamyr. Iskustvo, kultura, filosofia. №4 (37). 2013. 99-104 b. [in Kazakh]
- Atash, Alinov, 2019 – *Atash B.M. Alinov A.I.* Uly Dala elindegi salt-dästür men adet-guryptyñ saiasi-aleumettik jane tajiribelik omirmandilik manyzy men roli [Great steppe is the common place of the Turkic peoples] // «Uly dala turki halyqtarynyn orta q mekeni» // atty halyqaralyq gyl.- tajr. online konf. materialdar jinagy. Almaty: «Qyzdar universiteti baspasy», 2019. 133-136 b. [in Kazakh]
- Bekejan, 1998 – *Bekejan O.* Miftin qogamdyq sanadagy manı men qyzmeti [Meaning and function of myth in public consciousness]. kand. diss. avtoref. A., 1998. 14 b. [in Kazakh]
- Beltenov, 2017 – *Beltenov Zh.* Badduga // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesi. Bes tomdyq. 1 tom [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. The Encyclopedia. Volume 1]. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 856 b. [in Kazakh]
- Beltenov, 2017 – *Beltenov Zh.* Duga, duga oqu // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesi. Bes tomdyq. 2 tom [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. The Encyclopedia. Volume 2]. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 92 b. [in Kazakh]
- Beltenov, 2017 – *Beltenov Zh.* Ishan // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesi. Bes tomdyq. 3 tom [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. The Encyclopedia. Volume 3]. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 107-108 b. [in Kazakh]
- Beltenov, 2017 – *Beltenov Zh.* Sure // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesi. Bes tomdyq. – 5 tom [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. The Encyclopedia. Volume 5]. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 229-230 b. [in Kazakh]
- Bilal, 2014 – *Bilal Q.* Dasturlı dınımızdıñ negizi – ishandyq mektep [The basis of our traditional religion is the Ishan school] // Zhalyn. №9. 2014. 68-70 b. [in Kazakh]
- Denisova, 2022 – *Denisova A.* O shamanizme [About shamanism]. www.shamanspirit.nm.ru/books.html (Qaralghan uaqyty: 15.02. 2022). [in Russian]
- Dıntanu: ensiklopedialyq sozdık, 2018 – *Dıntanu: ensiklopedialyq sozdık.* 2 Tom [Religion: an encyclopedic dictionary. Volume 2] / quras.: N.Zh. Baitenova, A.D. Qurmanalieva. Almaty: Qazaq universiteti, 2018. 115 b. [in Kazakh]
- Gabitov, 2012 – *Gabitov T.* Rol religii v kazahskoi kulture [The role of religion in Kazakh culture] // Adam alemi. №1. 2012. 22-29 b. [in Russian]
- Harun, 2002 – *Harun Iah'ia.* Sotvorenıe Vselennoi [Creation of the Universe]. M.: Ansar, - 2002. 206 s. [in Russian]
- Islam, 2010 – *Islam.* Ensiklopedialyq anyqtama [Islam. Encyclopedic reference]. Almaty: «Aruna Ltd.» ZhShS, 2010. 312 b. [in Kazakh]
- Mansurov, 2016 – *Mansurov N.B.* Ishan sozinın magynalyq syr-sipaty [Semantic nature of the word Ishan] // Qazaq bilim Akademiasynyn baıandamalary. №4. 2016. 213-217 b. [in Kazakh]
- Menli, 1994 – *Menli P. Hol.* Ensiklopedicheskoe izlozhenie masonskoi, germeticheskoi, kabbalisticheskoi i rozenkreiserovskoi simvolicheskoi filosofii [Encyclopedic presentation of Masonic, Hermetic, Kabbalistic and Rosicrucian symbolic philosophy]. Sankt-Peterburg: SPIKS, 1994. 300-450 b. [in Russian]
- Ospanov, 2009 – *Ospanov S.* Argytektanu negizderi [The basics of genealogy]. Almaty: Arys, 2009. 424 b. [in Kazakh]
- Qabdoldina, 2017 – *Qabdoldina G.* Ishirtki [Ishirtki] // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesi. Bes tomdyq. 5 tom. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 747 b. [in Kazakh]
- Qaliev, Orazbaev, Smaylova, 1994 – Qaliev S., Orazbaev M., Smaylova M. Qazaq halqynyn salt-dasturu [Traditions of the Kazakh people]. Almaty: Rauan, 1994. 182 b. [in Kazakh]
- Qazaq baqsy balgerleri, 1993 – *Qazaq baqsy balgerleri* [Kazakh shamans]. Qurastyrgan Zh. Daurenbekov, E. Tursynov. Almaty: Ana tılı, 1993. 224 b. [in Kazakh]
- Qazaq sportynyn sanlaqtary, 2007 – *Qazaq sportynyn sanlaqtary* [Gaps in Kazakh sports]. (Oktabr Jarylgapov, Abdısalan Nurmuhanov, Bekzat Sattarhanov turaly estelikter). / Qurast. Zharylqasyn Nusqabaiuly. Almaty: Bilim, 2007. 58-59 b. [in Kazakh]
- Syzdyqova, 2014 – *Syzdyqova R.* Sozder soileidi [Words speak] // Koptomdyq shygarmalar jinagy. Almaty: El-shezhire, 2014. 58b. [in Kazakh]



Tokarev, 1990 – *Tokarev S.A.* Rannie formy religii [Early forms of religion]. M.: Politizdat, 1990. 622 s. [in Russian]

Uali, 2017 – *Uali N.* Duaqan // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesı. Bes tomdyq. 2 tom [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. The Encyclopedia. Volume 2]. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasiya», 2017. 87-88b. [in Kazakh]

Ualihanov, 1985 – *Ualihanov Sh.* Qazaqtardagy shamandyqtyn qaldygy [Remains of Kazakh shamanism] // Tandamaly shygarmalar. 2-bas. Almaty: Zhazushy, 1985. 560 b. [in Kazakh]

Zhaqsylyqov, 2006 – *Zhaqsylyqov A.* Shamanizm men folklor [Shamanism and folklore] // Qazaqstannyn qazırgı zamangy madeniettanu paradigmalary. Almaty: Jazushy, 2006. 496 b. [in Kazakh]



**МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ**

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

**ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY**

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

**ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ**

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –  
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

---